



БҰЙРЫҚ

73 № 2024 жылғы 20 ақпан

ПРИКАЗ

Астана қаласы

город Астана

Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға 2024 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 161 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22727 нөмерімен тіркелген) бұйрығымен бекітілген Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға 2024 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасын дамыту департаменті осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



А. Сәтқалиев

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2024 жылғы «20» ақпан  
№73 бұйрығымен  
бекітілген

**Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға  
2024 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигі**

Аукциондық сауда-саттық күні	Аукциондық сауда-саттықты өткізу уақыты (Астана қаласы уақытымен)	Аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін құжаттарды қабылдау кезеңі	Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің аймағы	Түрі	Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі, мегаватт (бұдан әрі — МВт)	Шекті аукциондық тарифтің шамасы, тенге/МВт*ай	Пайдалануға берудің талап етілетін күні, шарттың қолданылу мерзімі	Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етудің қажетті көлемі, тенге	Электр қуатын сатып алу шартының орындалуын қаржылық қамтамасыз етудің қажетті көлемі, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 161 бұйрығымен бекітілген Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 4-тармақ 3) тармақшасына сәйкес									
23.08.2024 ж.	10:00 сағат	10.07.2024 ж. бастап 24.07.2024 ж. дейін	Солтүстік және Оңтүстік аймақтар (Ақтөбе және Жамбал облыстары)	Бу-газды қондырғылары (2 дана)	450	*	2028 ж.	*	*
23.08.2024 ж.	12:00 сағат	10.07.2024 ж. бастап 24.07.2024 ж. дейін	Батыс аймақ (Атырау облысы)	Бу-газды қондырғысы	250	*	2028 ж.	*	*

**Ескертпе:**

\* – Қағидалардың 5-тармағына сәйкес, уәкілетті орган аукциондық сауда-саттықты өткізудің болжамды күніне дейін 3 (үш) айдан кешіктірмей Графикаға мынадай қосымша ақпаратты енгізеді.  
– шекті аукциондық тарифтің шамасы, тенге/МВт\*ай;

- аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етудің қажетті көлемі, теңгемен;
- электр қуатын сатып алу шартының орындалуын қаржылық қамтамасыз етудің қажетті көлемі, теңгемен.